

독감 예방접종 실시

치료보다 더 중요한건 예방!

인플루엔자 예방접종으로 올 겨울도 든든하

Q.올해도 독감주사 안맞으셨나요?

무로 접종 대상	접종 일정·장소
만 65세 이상 어르신 생후 6~59개월 어린이	백신 소진시 까지 비즈보건소

건강한 치아를 위한
간단한 방법!

정기적인 구강검진

정기적인 구강검진

"Корей тіліндегі жарнама мәтіндерінің ерекшеліктері және оларды аудару тәсілдері"

커버력, 지속력, 밀착력, 4가지
통째로 담은 밸런싱 쿠션

CREMORLAB
EAU THERMALE
SERUM CUSHION

크레모렘 오 테르말 세럼 쿠션
(PF50+, PA+++ | 미백기능성 | 주름개선기능성 | 15g)

**Орындаған: Кайырлиева Г
Тексерген: Кыдырбаев Б**

Жарнама - бұқаралық ақпарат пен насихаттың ең маңызды түрі, қоғамның ажырамас бір бөлігі. Жарнама термині латын тілінен аударғанда "reklamare", яғни қатты айғайлау немесе хабарлау деген мағынаны білдіреді. Осы орайда жарнаманың тарихына тоқталатын болсақ, ол бұрын базарлардың пайда болуымен қалыптасқан. Сол заманда көпестер, саудагерлер өздерінің тауарларын жарнамалау мақсатында өлеңдер шығарып, айғайлап жар салатын болған. Өлең қаншалықты қызықты және көңілді болса, соншалықты сатып алушылар да көп болып, сатушының саудасы жақсы жүрген. Жалпы, жарнама жайында ең алғашқы түсінік 1700 жылы Англияда пайда болған.

URBAN FITNESS

넌 운동할 때가 제일 예뻐

헬스, 요가, 필라테스를 주시으러 1다마에 한사모배마드기

다이어트 3개월 30

PT+GX PT와 GX를 동시에 주시으러 1다마에 한사모배마드기
평일반(주3회) / 주말반(주2회)

요가 요가 60분 1시간 PT와 함께한 힐링을 위한
평일반(주3회) / PT 2회 무료제공

필라테스 필라테스 PT와 함께한 힐링을 위한
평일반(주3회) / PT 2회 무료제공

강남역 7, 8번 출구 어반브러시빌딩 2층

좋은 알바 덕에 가게가 천국 된다

알바천국

Жарнама мәтіндері қысқа, тұтынушыларға әсер ететіндей эмоционалды реңкті ақпаратқа ие болып келеді. Әрбір жарнама мәтінінің өзіндік бір ерекшелігі, жеткізіліп отырған аудиториясына сай атқаратын қызметі мен қасиеттері болады.

Жарнаманың вербальды бөлімі 4 бөліктен тұрады:

- 1) слоган;**
- 2) тақырыпша;**
- 3) жарнама мәтінінің негізгі бөлімі;**
- 4) эхо-фраза.**

ЖАРНАМАНЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Жарнама мақсаты мен міндеті бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді:

- Ақпараттық – аудиторияға нарыққа шыққан жаңа тауар немесе қызмет туралы ақпарат беретін жарнама, көбінесе нарық жағдайына ерудің алғашқы кезеңдерінде қолданылады;**
- Көндіруші жарнама – сатып алушыны нақты бір тауарды сатып алу немесе қызмет түрін пайдалануға көндіретін жарнама түрі;**
- Еске салушы жарнама – сатып алу орындары, тауар немесе қызметтің ерекшелігі туралы хабарлайтын жарнама;**
- Нығайтушы жарнама – сатып алушының таідауын кеңейте түсетін хабар беруші жарнама;**
- Имидждік жарнама – тауар өндіруші кәсіпорынның немесе фирманың тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, сатып алушыларға жағымды бейне қалыптастыруға бағытталған жарнама.**

Ақпараттың берілу тәсіліне байланысты жарнаманы **медиялық** және **медиялық емес** жарнамалар деп екі үлкен топқа бөліп қарастырамыз.

Медиялық жарнама бұқаралық ақпарат құралдарына жатады. Медиялық жарнаманың түрлері бұқаралық ақпарат құралдарының түрлеріне байланысты және бағасына, аудиторияны қамтасыз етуіне, ақпаратты беру жолдарына және күтілетін нәтижеге байланысты өзара ерекшеленеді.

Медиялық емес жарнамалар – жергілікті мақсатты аудиторияға бағытталған жарнамалар. Бұл жарнамалар қатарына келесілерді жатқызуға болады.

Тікелей жарнама тікелей поштаға келетін жарнамалар, телефонға хат түрінде келетін жарнамалар мен телемаркетингі қамтамасыз етеді.

Басылып шығарылған жарнамаларға брошюралар, парақтағы жарнамалар, флаерлер, үлестірме мәліметтер және т.б жатқызамыз.

Жарнама мәтінін аудару тәсілдері

- Жуық аударма
- Ұлттық-мәдени ерекшеліктердің элиминациясы
- Баламасыз лексикалық бірліктердің мағынасын қайта жасау
- синтаксистік ұқсату ("Сөзбе-сөз аударма")



КОРЕЙ ЖАРНАМАСЫ МЕН ЖАРНАМА МӘТІНДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көркемдік эстетикаға бай

**Корей жарнамасы
тұтынушыға қарым-
қатынасымен ерекшеленеді**

**Жарнама түрлерінің сан
алуандығы**